

## Қарауылкелді орта мектебінде өткізілген Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы № 1

15.09.2023 жыл

Қатысқаны 9

Қатыспағаны: 0

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы
2. «Мектепке жол» республикалық акциясының барысы туралы ақпарат
3. 2023-2024 оқу жылына оқушылар санатын тамақтандыруға арналған деректер базасын қалыптастыру, мектептің әлеуметтік паспортын жасау, оқулықпен қамтылу жағдайын бақылау

### Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Елеуова күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

1. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы, «Мектепке жол» республикалық акциясы туралы мектеп директоры К.М.Койшыгулова хабарлама жасады. Мектеп 2023-2024 оқу жылына дайын. Мектеп жаз мезгілінде жәй жөндеуден өткізілді. Оқушылар үшін барлық жағдай жасалған. Парталар мен орындықтар түгел. Мектепте оқу кабинеттері, акт зал, мектеп кітапханасы, мектептің спорт залы дайын. Мектеп екі кезекте білім алушыларды қабылдайды. Мектепте педагогикалық кадрлар жеткілікті. Оқушылардың алаңсыз білім алуы үшін мектепте барлық жағдайлар жасалған

2. «Мектепке жол» республикалық акциясы мектептің әлеуметтік желісіне салынды. Мектеп оқушыларына көмек ұйымдастырылуда. Мектеп ұжымы да осы акцияға өз үлестерін қосады. Жинақталған қаржыға мектеп оқушылары үшін мектеп құралдары сатып алынады. Бқл туралы нақты мәліметті алдағы уақытта айтамыз.

3. 2023-2024 оқу жылына оқушылар санатын тамақтандыруға арналған деректер базасын қалыптастыру, мектептің әлеуметтік паспортын жасау, оқулықпен қамтылу жағдайын бақылау  
Хабарламашы: Жүрсін Н.К

2023-2024 оқу жылына оқушылар санатын тамақтандыруға арналған деректер базасын қалыптастыру мақсатында ата – аналармен түсіндіру жұмыстары жасалды. Мектепте тегін тамақ ішетін оқушылар тізімі жиналды. Өзіргі таңда мектептен тегін тамақпен 87 оқушы қамтылып отыр. 1-4 класс оқушылар тамақпен толық қамтылады деп есептеп отырмыз. Мектеп оқушыларының жалпы тізімі жинақталды. Класс жетекшілер оқушылардың әлеуметтік жағдайына талдау жасады. Соның негізінде мектептің әлеуметтік паспортын жасалды. Мектепте барлығы 637 оқушы білім алады. Бірінші ауысымда 317 оқушы, екінші ауысымда – 320 оқушы қамтылған. Класс комплектісінің саны – 31.

Биылғы оқу жылында №64 қаулының өзгеруіне байланысты мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға ,ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға , өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражаттар берілді. Осы санаттарға жатқызылған білім алушылар киім, аяқ-киім ,мектеп керек-жарақтарын сатып алу үшін құжаттар жинақтап 40 отбасынан-90 бала қаржылай көмек алды. ( 37389 -10638--26751т).



Оқулықпен қамтылу жағдайын бақылау үшін арнайы рейд жүргізілді. Мектеп оқушылары оқулықпен толық қамтылған.

### Жарыссөзге шығушылар:

Қоспан Жанаргүл - Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата –ана

Қамқоршылық кегес отырысында қаралған мәселелер орынды. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығын ккріп отырмыз. Мектепке жол акциясына мекеме қызметкерлері болып үлес қосамыз. Ыстық тамақпен қамтылу мәселесін жоғары органдарда мәселе етіп айтуымыз керек деп есептеймін. Себебі: 1-4 кластарда оқушы саны көп, оларға тамақ дайындау мәселесі қиындық тудыруы мүмкін.


Жоғарыдағы мәселелерді тыңдап, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылына мектептің дайындығы жақсы деп есептелсін.
2. «Мектепке жол» акциясы аясында жүргізілген жұмыстар еске алынсын.
3. 2023-2024 оқу жылына оқушылар санатын тамақтандыруға арналған деректер базасын қалыптастыру, мектептің әлеуметтік паспортын жасау, оқулықпен қамтылу жағдайын бақылау ескерілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Кеңес мүшелері:

  
Г.Елеуова  
А.Тұрмұханова  
Р. Ерғалиев  
Б.Абишева  
Н.Оңғаров  
С.Әмидан  
Қ.Аманғалиева  
Ж.Қоспанова  
М.Жамаладин  
Н.Жүрсін